Ауыл шаруашылығы министрлігі — АҚ жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі			
1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Ауыл шаруашылығы жануарлары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қауіпсіз жерлерге айдауды (әкетуді) ұйымдастыру	сағат + 24.00	қауіпсіз жерлерге айдау (әкету)
3.	Эвакуация аймақтарында қажетті азық пен жем-шөп қорын құру	сағат + 24.00	азық пен жем-шөп қоры
4.	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Сауда және интеграция министрлігі — АҚ сауда қызметі			
1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Төтенше жағдай кезіндегі сауда қызметін үйлестіру	қажет болған жағдайда	сауда қызметін реттеу
3.	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі — АҚ химиялық қорғаныс қызметі, көлік қызметі, жолдар мен көпірлер қызметі, инженерлік қызмет			
1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Төтенше жағдай аймағындағы автомобиль жолдарының жай-күйіне барлауды ұйымдастыру және жүргізу	сағат + 24.00	барлауды ұйымдастыру және жүргізу
3.	Төтенше жағдайлар кезінде көлік коммуникацияларындағы зақымдарды жою	сағат + 24.00	зақымдануды жою
4.	Ақпаратты жинау және талдау, шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу, автомобиль мен көпірлердің қираған учаскелері арқылы өтуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қою және жеткізу, сондай-ақ көлік құралдарының резервтік жолдармен жүруін қамтамасыз ету	сағат + 6.00	резервтік жолдармен көлік құралдарының жүруін қамтамасыз ету
5.	Зардап шеккен халықты, күштер мен құралдарды тасымалдау үшін теміржол, теңіз, өзен, әуе және автомобиль көлігін бөлуді қамтамасыз ету	сағат + 3.00	зардап шеккен халықты және тартылатын күштер мен құралдарды тасымалдау

6.	Қосалқы бөлшектердің, жанар-жағармай материалдарының резервін құру	сағат + 2.00	ЖЖМ және қосалқы бөлшектер резерві
7.	Қозғалыс бағдарларында көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	көлік құралдарының іркіліссіз жұмыс істеуі
8.	Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін инженерлік техникамен жан-жақты қамтамасыз ету	сағат + 2.00	техниканың қажетті мөлшерімен қамтамасыз ету
9.	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу

Энергетика министрлігі — АҚ энергетика қызметі, радиациялық қорғау қызметі, жанар-жағармай материалдары қызметі

1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету және оларды төтенше жағдай аймағына жеткізу	сағат + 4.00	ЖЖМ-мен қамтамасыз ету
3.	Төтенше жағдайлар кезінде тұтынушыларды, ұйымдар мен халықты іркіліссіз энергиямен жабдықтау бойынша энергетикалық жүйелер, желілік кәсіпорындар мен энергетика объектілері жұмысының тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіне кіретін аса маңызды объектілер мен жауапты тұтынушыларды іркіліссіз электрмен жабдықтауды ұйымдастыру	сағат + 3.00	адамдардың өмірін сақтау және денсаулығын қолдау сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау
4.	Энергетикалық жүйелер мен энергетика объектілерін ерекше жұмыс режиміне көшіру	қажет болған жағдайда	энергетика жүйелері мен объектілерінің ерекше жұмыс режимінде жұмыс істеуі
5.	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу

Экология және табиғи ресурстар министрлігі — АҚ ұлттық гидрометеорологиялық қызмет

1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Қоршаған табиғи ортаның ластану, су деңгейінің көтерілу деңгейлері, қауіпті құбылыстар және стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстар туралы деректерді азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарына ұсыну	төтенше жағдай кезеңінде үнемі	азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін басқару органдарына ақпарат беру

3.	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі — АҚ байланыс қызметі			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Халықты қалыптасқан жағдай туралы құлақтандыру мен хабардар етуге қатысу	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу
3.	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Әділет министрлігі			
1.	Орны толмайтын шығындарға сот-медициналық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету	қажет болған жағдайда	орны толмас шығындарды сәйкестендіру
Сыртқы істер министрлігі			
1.	Шектес мемлекеттерді, халықаралық ұйымдарды қалыптасқан жағдай туралы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	ақпарат
2.	Қажетті гуманитарлық және өзге де көмек көрсету туралы шет елдерге және халықаралық ұйымдарға сауал дайындау	қажет болған жағдайда	сауал жіберу
3.	Басқа мемлекеттердің зардап шеккен (қаза тапқан) азаматтарының тізімін қалыптастыру	қажет болған жағдайда	тізім
Қаржы министрлігі			
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу	қажет болған жағдайда	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу
Қорғаныс министрлігі			
1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысу	сағат + 24.00	авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар
3.	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
4.	Төтенше жағдай аймағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	сағат + 24.00	қоғамдық тәртіпті қорғау

Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлар, оның ішінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі авариялар кезінде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарына қосымша

Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлар, оның ішінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі авариялар кезінде төтенше жағдайларды жоюға тартылатын күштер мен құралдардың есебі

№	Бөлімшенің атауы	Саны			
		жеке құрам (адам)	техника (бірлік)		
			авто-мобиль көлігі	темір жол көлігі	әуе көлігі
БАРЛЫҒЫ:		363	133		
ЖИЫНЫ:		18 330	7 120		

Ескертпелер:

РЖШ-ның құрамына төтенше жағдайларды жоюға жауапты ұйымдардың өкілдері кіргізілуі мүмкін (қажет болған жағдайда);

орталық атқарушы органдар жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі ведомстволық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу мен бекітуді осы жоспарды ескере отырып және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген құрылымға сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұйымдастырады;

сағат + – төтенше жағдайдың туындағаны туралы сигнал түскен уақыт;

+0.30; +1.00 – іс-шараларды орындаудың шекті уақыты, мұнда нүктеге дейін сағат, нүктеден кейін минуттар көрсетіледі;

аббревиатуралардың толық жазылуы:

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

ВАМК – Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия;

ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары;

РЖШ – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі республикалық жедел штаб;

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТВ – телевизия;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ХҚКО – халыққа қызмет көрсету орталығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 554 қаулысы

Пана іздеген адамдар жаппай ағылып келген кезде оларды уақытша қоныстандыру пункттерінде қабылдау мен орналастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пана іздеген адамдар жаппай ағылып келген кезде оларды уақытша қоныстандыру пункттерінде қабылдау мен орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және пана іздеген адамдар жаппай ағылып келген кезде уақытша қоныстандыру пункттерінде қабылдау мен орналастыру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы (бұдан әрі – Мемлекеттік шекара) арқылы жаппай өткен кезде пана іздеген адамдарды уақытша қоныстандыру пункттерінде қабылдау мен орналастыру мақсатында шекара маңындағы облыстардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) ішкі істер, азаматтық қорғау, денсаулық сақтау және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне уақытша қоныстандыру пункттерін айқындау жөнінде ұсыныс енгізеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларындағы басшылықты, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру мен дамытуды, азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз етуді, өрттердің алдын алу мен оларды сөндіруді ұйымдастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

2) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай – белгілі бір аумақта әлеуметтік қатынастар са-

ласында адам шығынына, денсаулыққа зиян келуіне, елеулі мүлктік шығындарға немесе тұрғындардың тыныс-тіршілік жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдай;

3) босқындар мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – босқындар мәселелері бойынша қатынастарды реттеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган – атқарушылық және бақылау функцияларын, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтің жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) пана іздеген адамдардың жаппай ағылып келуі – пана іздеген адамдардың Мемлекеттік шекара арқылы Қазақстан Республикасының аумағына бір мезгілде өтуі, оның жаппай келу екенін ЖАО айқындайды;

7) пана іздеген адам – уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы өздерінің өтінішхаты бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға тілек білдірген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

8) сұрыптау пункті – пана іздеп келген адамдардың жеке басын анықтау және оларды одан әрі орналастыру туралы шешім қабылдау үшін құрылатын арнайы объект;

9) сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті орган – сыртқы саяси қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының дипло-

матиялық қызмет, сондай-ақ инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы органдардың бірыңғай жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

10) уақытша қоныстандыру пункттері – пана іздеген адамдарды уақытша орналастыруға арналған, пана іздеген адамдардың бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз ету үшін дайындалған объектілер (тиісті құрылымы бар әртүрлі ғимараттар мен құрылысжайлар) және уақытша шатырлы лагерьлер.

2-тарау. Пана іздеген адамдарды уақытша қоныстандыру пункттерінде қабылдау мен орналастыру тәртібі

4. Қазақстан Республикасының аумағында пана іздеген адамдардың құқықтық жағдайы, сондай-ақ босқындар мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдардың құзыреті "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдары ЖАО-ға, босқындар, азаматтық қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға және ішкі істер органдарына пана іздеген адамдардың жаппай ағылып келуі туралы дереу хабарлайды.

6. Пана іздеген адамдарды ұйымдасқан есепке алу, тіркеу мақсатында ЖАО жаппай ағылып келген жерлердегі азаматтық қорғау органдарымен бірге сұрыптау пункттері мен уақытша қоныстандыру пункттерін өрістеді.

7. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ЖАО-ға уақытша қоныстандыру пункттерін дайындауда және сұрыптау пункттерін өрістетуде жәрдем көрсетеді, сондай-ақ пана іздеген адамдарды қабылдау мен орналастыруға арналған сұрыптау пункттері мен уақытша қоныстандыру пункттерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

8. ЖАО мүдделі мемлекеттік органдармен бірге жаппай ағылып келген кезде пана іздеген адамдарды қабылдау мен орналастыруды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс органы болып табылады.

ЖАО пана іздеген адамдарды ұйымдасқан есепке алу, тіркеу, уақытша орналастыру және олардың бірінші кезектегі тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі бекітетін тиісті жоспарды әзірлейді.

9. ЖАО уақытша орналастыру пункттерінде пана іздеген адамдарды орналастыру және олардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға байланысты іс-шараларды іске асырады.

10. Пана іздеген адамдар жаппай ағылып келген кезде оларды қабылдауды ішкі істер, денсаулық сақтау және ұлттық қауіпсіздік органдары сұрыптау пункттері арқылы жүзеге асырады.

11. Сұрыптау пункттерінің негізгі міндеттері:

1) пана іздеген адамдарды қарсы алу және есепке алу;

2) пана іздеген адамдарды орналастыруды ұйымдастыру және олардың бірінші кезектегі тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету;

3) медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету;

4) пана іздеген адамдарға нұсқау беруді және хабардар етуді ұйымдастыру;

5) пана іздеген адамдардың жүріп-тұруын құжаттамалық ресімдеу.

12. Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының аумағына келген пана іздеген адамдарды және олардың отбасы мүшелерін есепке алуды жүзеге асырады және пана іздеген адамдарды бақылау-өткізу пункттерінен сұрыптау пункттері мен уақытша қоныстандыру пункттеріне дейін ертіп барады.

13. ЖАО денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірге жұқпалы аурулардың белгілерін анықтау, қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуын бақылау тұрғысынан медициналық қарап-тексеруді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ медициналық пункттерді өрістетуді, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет күштері мен құралдарын және жедел медициналық жәрдем станцияларын тарту есебінен уақытша қоныстандыру пункттерінде медициналық көмекті жүзеге асырады.

14. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен салдарының алдын алу және жою жөнінде шараларды қабылдау үшін қажет болған жағдайда әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалануы мүмкін.

15. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарының алдын алу және жою жөнінде шаралар қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броньнан алу тәртібімен шығару "Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 860 қаулысына сәйкес мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

16. ЖАО пана іздеген адамдарды қабылдау және орналастыру, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жеткізу жөніндегі іс-шараларға қажетті көлік құралдарын тартуды қамтамасыз етеді.

17. Ішкі істер органдары ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірге пана іздеген адамдарды сұрыптау барысында қаруды, жарылғыш заттарды, оқ-дәріні, есірткіні, экстремистік әдебиетті және басқа да тыйым салынған заттарды анықтау тұрғысынан оларды тексеріп-қарауды жүргізеді, қылмыс жасауға қатысы бар адамдарды және деструктивті діни ағымдарды жақтаушыларды анықтау жөніндегі шараларды қолданады, сондай-ақ республикалық және халықаралық іздестіруде жүрген адамдарды анықтайды және ұстайды.

18. Пана іздеген адамдар сұрыптаудан өткеннен кейін адамның қауіпсіздігін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында пана іздеген адамдар уақытша қоныстандыру пункттеріне орналастырылады.

19. Қазақстан Республикасында пана сұрауға тілек білдірген пана іздеген адамдар босқын мәртебесін беру туралы жазбаша өтінішхатпен:

1) Қазақстан Республикасының аумағына келгеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде өзінің келген жеріндегі ЖАО-ға;

2) Мемлекеттік шекараны кесіп өткен кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі аумақтық бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесіне;

3) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті болмаған кезде Мемлекеттік шекараны мәжбүрлі түрде заңсыз кесіп өткен жағдайда бір тәулік ішінде ЖАО-ға жүгіне алады.

20. ЖАО Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат тіркелген күні пана іздеген адамдарға пана іздеген адам куәлігін береді.

21. Пана іздеген адамдар уақытша қоныстандыру пункттерінде ЖАО айқындайтын, бірақ 30 (отыз) тәуліктен кем болмайтын мерзімге орналастырылады.

22. ЖАО-ға босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатпен жүтінбеген шетелдіктердің құқықтық жағдайы "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

23. Босқындар мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті шегінде пана іздеген адамдардың мәселелері бойынша ЖАО-ны үйлестіруді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ өз құзыреті шегінде пана іздеген адамдарға шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат алуға жәрдемдеседі.

24. Сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті орган өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік органдарға пана іздеген адамдардың шыққан елдері туралы ақпарат алуға жәрдем көрсетеді, сондай-ақ босқындар мәселелері жөніндегі уәкілетті органдармен бірлесіп, пана іздеген адамдарға көмек беру мүмкіндіктеріне қатысты халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

6 ЖЫЛДЫҢ ЖҮЗІ БОЛДЫ БІЗ ЖУРНАЛЫМЫЗДЫҢ «СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР» АТТЫ АЙДАРЫНДА ЖУРНАЛДЫҢ ОҚЫРМАНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС САНАТЫНА ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ТӘН СЕМИНАР ТЫҢДАУШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС БОЙЫНША СҰРАҚТАРДЫ ҰСЫНЫП КЕЛЕМІЗ.

ЖУРНАЛДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ №1 САНЫНДА СЕМИНАР ТЫҢДАУШЫЛАРЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫН ҰСЫНАМЫЗ. СОНЫМЕН БҰЛ СҰРАҚТАРДЫҢ СИПАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ МЫНАНДАЙ:


№1 сұрақ: *Э.Қ.Тайшиевтан - Атырау облысының "Болашақ-Атырау" ЖШС апатты жағдайларды басқару жөніндегі аға маманы*

Сұрақтың мазмұны: *Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға байланысты авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын және өзге де іс-шараларды жүргізу үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінетінін білеміз. Осыған байланысты мені қызықтырады-мемлекеттік бюджетте азаматтық қорғаныс іс-шараларына шығындар қарастырылған ба?*

Жауаптың мазмұны:

Бюджет-бұл мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексіне сәйкес қаржы қаражаты әртүрлі салаларда, оның ішінде азаматтық қорғау саласында мемлекеттік саясаттың орындалуын қамтамасыз етуге бөлінеді. Азаматтық қорғау саласында



Жауапты дайындаған:
оқытушы Сейдахметов Қ.М.

бюджет қаражатының шығыстары бірінші кезекте мынадай іс-шараларға бағытталады: азаматтық қорғау және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қызметті ұйымдастыру; жаһандық, өңірлік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарларының алдын алу және жою; кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

Жауапты дайындаған:
оқытушы Мархабаев М.А.



№2 сұрақ: *М.Н.Нұрмұхамедовтан -«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС-нің АҚ және жұмылдыру дайындығы жөніндегі маманы*

Сұрақтың мазмұны:

Панаханаларды адамдарды қорғаудан басқа мақсаттар үшін пайдалануға болады ма?

Жауаптың мазмұны:

Азаматтық қорғаныс объектілерін құру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1357 қаулысына сәйкес азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың ең көп жұмыс істейтін ауысымын қорғау үшін, сондай-ақ медициналық ұйымдардың тасымалдауға жарамсыз науқастарын қорғау үшін азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары құрылады.

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын бейбіт уақытта пайдаланған кезде паналаушылардың болуы және паналаушыларды қабылдау үшін дайындыққа келтіру үшін 12 сағат ішінде, ал атом станциялары мен күшті әсер ететін улы заттарды пайдаланатын ұйымдарда паналаушыларды дереу қабылдауға әзірлікті қамтамасыз ететін талаптар орындалады.

Азаматтық қорғаныс жүйесін ұйымдастыруға арналған шығыстар тек республикалық және облыстық бюджеттерде көзделген. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыруға және орындауға арналған бұл шығыстар "қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік" атауымен бюджеттің арнайы бөліміне енгізілген.

Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ жою үшін төтенше резерв құрылады. ҚР Үкіметінің төтенше резерві табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервті қамтиды.

Төтенше резерв әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу және Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерге ресми гуманитарлық көмек көрсету мақсатында пайдаланылады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, сондай-ақ саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың салдарын жоюға байланысты авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын және өзге де іс-шараларды жүргізу үшін бір қаржы жылынан астам іске асыру мерзімімен Үкіметтің резервінен қаражат шығындардың жалпы сомасын айқындай отырып және ағымдағы қаржылық жағдайдың сомасын көрсете отырып бөлінеді.



Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының үй-жайлары ҚР ҚН 2.03-03-2014 және ҚР ҚН 2.04-101-2014 «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары» талаптарына сәйкес пайдаланылады.

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын қойма үй-жайларына, автомобильдердің тұрақтарына, шеберханаларға пайдалану кезінде құрылыстың есептік сыйымдылығынан паналаушылардың 50% -ын қабылдауды қамтамасыз ету есебінен (сақталатын мүліктен босатпай) үй-жайларды тиетуге жол беріледі. Үй-жайларды мүліктен босату пана режиміне ауыстыру кезінде 12 сағаттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады. Мүлікті орналастыру және қоймалау техникалық үй-жайларға және инженерлік-техникалық жабдықтауға тұрақты еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырылады.

Сондай-ақ ҚР БК 2.04-101-2014 «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары» қағидалары жинағының 4.5-тармағында былай делінген:

Жертөле, цокольдық және бірінші қабаттарда және жеке тұрған құрылыстарда орналастырылатын қорғаныш құрылыстарын бейбіт уақытта:

- санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар (себезгі және қолжуғышы бар үй және көше киімдерінің гардеробтары);
- мәдени қызмет көрсету

үй-жайлары (жиналыс залдары, оқу залдары) және оқу сабақтары;

- адамдар үшін қауіпті және табиғи жарықтандыруды талап етпейтін зиянды сұйықтықтарды, булар мен газдарды бөлумен сүйемелденбейтін технологиялық процестер жүзеге асырылатын, өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санаттарына жатқызылған өндірістік үй-жайлар;
- технологиялық, көліктік және жаяу жүргіншілер тоннелі;
- кезекші электриктердің, байланысшылардың, жөндеу бригадаларының үй-жайлары;
- жеңіл автомобильдерге арналған гараждар, автокарлар мен автомобильдердің жерасты тұрақтары;
- жанбайтын материалдарды сақтауға арналған, сондай-ақ автоматты өрт сөндіру жүйесі болған кезде жанбайтын материалдар мен



жанбайтын материалдарды жанатын ыдыста сақтауға арналған қойма үй-жайлары;

- сауда және қоғамдық тамақтану үй-жайлары (дүкендер, асхана залдары, буфеттер, дәмханалар, дәмханалар);
- спорттық үй-жайлар (атыс тирлері және спорттық сабақтарға арналған залдар);
- халыққа тұрмыстық қызмет көрсету үй-жайлары (тұрмыстық үйлер, ателье, шеберханалар, қабылдау пункттері, фотозертханалар, кеңселер мен офистер);
- емдеу мекемелерінің қосалқы (қосалқы) үй-жайлары (бальнеологиялық мекемелерден басқа).

Бейбіт уақытта қорғалған құрылыстарды басқа мақсатта пайдалану мүмкіндігіне жергілікті денсаулық сақтау органдарымен және төтенше жағдайлар департаменттерімен келісім бойынша жол беріледі.

№3 сұрақ: Бержанов Жасболат Успанұлынан - «КТК-К» АҚ АҚ, ТЖ, ЖРН және ӨБ істері жөніндегі инженері.

Сұрақтың мазмұны:

Гидротехникалық құрылыстар қауіпті ықтимал көздері болып табылады, яғни осы ГТҚ-да апат болған жағдайда адамдарға хабарлау қажет Гидротехникалық құрылыста құлақтандыру жүйесін кім құрады? Гидротехникалық құрылыстың жергілікті құлақтандыру жүйесі жақын маңдағы елді мекеннің аумағын қамтуы керек пе?

Жауапты дайындаған: оқытушы Есболов Ж.Е.



Жауаптың мазмұны:

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ақпараты бойынша республика аумағында барлығы тірек гидротехникалық құрылыстардың жалпы саны 1823 құрайды, оның ішінде республикалық меншікте – 584, коммуналдық меншікте – 979, жеке меншікте – 238, иесіз-25 (су қоймалары – 339, тоғандар-309, су тораптары-119, бөгеттер – 459, плотиналар – 124. басқа ГТҚ (магистральдық каналдар, су өткізу құрылыстары, бөгетсіз ГЭС және т.б.) – 473).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014

жылғы 26 желтоқсандағы №945 (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 292 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) «Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін ұйымдастыру, бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар кезінде халықты, мемлекеттік органдарды құлақтандыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес объектілік деңгейдегі құлақтандыру жүйесін құруды, дамытуды және тұрақты әзірлікте ұстауды, оның ішінде құлақтандыру жүйелерінің жабдықтарын пайдалануды, техникалық қыз-

мет көрсетуді, жоспарлы және ағымдағы жөндеуді, сондай-ақ олардың үздіксіз жұмыс істеуі үшін қажетті байланыс арналарын, оның ішінде аумақтық деңгейдегі құлақтандыру жүйесінің басқарушы жабдығына дейін ұйымдастыру мен күтіп ұстауды қауіпті өндірістік объектілер мен гидротехникалық құрылыстарды пайдаланатын, адамдар жаппай болатын объектілер (бұдан әрі – ұйымдар) жүзеге асырады.

Жергілікті құлақтандыру жүйесінің қолданылу аймағының шекаралары қауіпті өндірістік объектілер мен гидротехникалық құрылыстардағы авариялардан қауіпті факторлардың әсер ету аумағының (аймағының) шекаралары болып табылады, бұл объектілер мен құрылыстарды орналастыру аумағынан тыс жерлерде тұратын немесе шаруашылық қызметті жүзеге асыратын халықтың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру қаупі бар.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 19-2/1054 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12660 болып тіркелген) гидротехникалық құрылыстардың бөгет қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларында айқындалатын су басу аймақтарына, қоршаған ортаға зиянды әсер ету аймақтарының шекараларына сәйкес құруға (реконструкциялауға) арналған техникалық тапсырманы әзірлеу кезінде айқындалады.

БІЗДІҢ ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗДЫҢ

ПІКІРЛЕРІ

*ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
ДЕПАРТАМЕНТІ БАСТЫҒЫ
ПОЛКОВНИК Қ.Ж.ҚАСЫМ*



8 жылдан кейін бұл курстарды офлайн режимде қайта өтіп жатырмын! Мен жасырмаймын, күмәндандым - мен екінші рет сол материалды тыңдағым келе ме? Бұл жерде «мықты тәжірибешіге» күмәндану еріксіз пайда болды. Алайда, бірінші күннің соңында мен күнделікті не істеп жатқаныңызды терең теориялық зерттеуде үлкен пайда бар екенін түсіндім. Сонымен қатар, Орталықтың педагогикалық құрамы оқытылатын материалдың нормативтік өрісін сапалы түрде кеңейтті, сондықтан сіз күтпеген жерден өз біліміңіздегі олқылықтарды таба аласыз және курстардың соңғы күніне дейін мен көптен бері мазалаған бірқатар сұрақтарға жауаптар мен кеңестер алғанымды қуана атап өтемін. Өзекті мәселелерді зерттеу, нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу және салыстыру және тамаша әді-

стемелік материал жасау бойынша ұжымның титаникалық жұмысы сезіледі. Практикалық сабақтарға келетін болсақ, «миға шабуыл» әдісімен жұмыс істеу бейтаныс адамдардың бір үйлесімді командаға қосылу қабілетіне нақты сынақ болды. Әркім өзімен бірге жақсы тәжірибе мен азаматтық қорғау жүйесінің жұмыс негіздерін түсінетініне сенімдімін. Курстардың тағы бір жағымды бонусы бейресми жағдайда басқа өңірлер мен мемлекеттік органдардың әріптестерімен ведомствоаралық өзара іс-қимыл болды. Орындалатын функциялардың объективті арқылы бір мәселеге қатысты «көзқарастарды салыстыру» және көптеген білімді мамандармен қарым – қатынас жасау ерекше ғанибет.

Орталық басшылығына және бүкіл ұжымына шынайы алғысымды білдіре отыра, Сіздерге зор денсаулық, өркендеу, даму және барынша шығармашылық табыс тілеймін.



«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗДЫҢ НАЗАРЫНА ҚР ТЖМ РЕСМИ САЙТЫНАН ҚЫЗЫҚТЫ МАҚАЛА ҰСЫНАМЫЗ, СЕБЕБІ ЖУРНАЛДЫҢ ЖАЗЫЛУШЫЛАРЫ НЕГІЗІНЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС БОЙЫНША САНАТТАРҒА ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ҰЙЫМДАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛІМІЗДЕ МОБИЛЬДІ ҚОРҒАНЫС ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ҚҰРУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ МАҚСАТТЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БҮЛ АҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІС ЖӘНЕ БАР ПРОБЛЕМАНЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШУ.

Азаматтық қорғаныстың жүзеге асырылды. мобильді қорғаныш құрылысын (бұдан әрі – АҚМҚК) әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары аяқталды.

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын дамыту мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені ескере отырып және бизнеске жүктемені азайту ұмтылысын басшылыққа ала отырып, ғылыми жоба шеңберінде паналаушылардың қорғалу дәрежесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті рамалық – модульдік үлгідегі азаматтық қорғаныстың мобильді қорғаныш құрылысының прототипін әзірлеу және дайындау

Қорғаныш құрылысының жаңа түрін құру бойынша жұмыс алты кезеңде жүргізілді: I кезең – қауіпті өндірістік объектілердегі төтенше жағдайлар тәуекелін кешенді бағалау жүргізілді.


Тәуекелді бағалау бойынша зерттеулер жүргізу кезінде экономиканың санатталған объектісінің құрылымына осы аймақта болжанатын ТЖ-ның әртүрлі зақымдаушы факторларының, оның ішінде әскери сипаттағы ТЖ-ның құрылымына осы құрылымның және тұтастай объектінің жұмысына әсер ететін зерттелетін құрылымдардың ең осал эле-

менттерін анықтау міндетімен әсер етудің әртүрлі нұсқалары модельденген.


Қорғаныш құрылысының негізі 40 футтық металл контейнерге негізделген блок модулін анықтады. Контейнердің бұрыштық және аралық фитингтерінің өлшемдері, төзімділігі және өзара орналасуы 1-суретте көрсетілген. Бұл өлшемдер еліміздің жолдарында автомобиль көлігімен тасымалдауға барынша рұқсат етіледі.

II кезең – прототип құрылысына есептеу жүргізілді.

Қорғаныш құрылысының металл қаңқасының конструктивті шешімдерінің әуе соққы



«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ



толқынының әсеріне есептік негіздемесі берілген талдау және конструкцияларды жобалау жүйесін (Structure CAD office) пайдалана отырып жүргізілді.

III кезең – сүзгі желдету қондырғысын жасау.

Ғылыми-зерттеу жұмысының осы кезеңінде персоналды қатты әсер ететін улы заттардан қорғау үшін сүзгі-желдету қондырғысының моделі жасалды.

Анықтама ретінде: сүзгі желдеткіш қондырғысының ғылыми жаңалығы агроөнеркәсіптік кешен қалдықтарына негізделген жаңа сүзгімен ұсынылған. Өрік сүйегіне негізделген карбонизацияланған жүйелердің синтезін зерттеу барысында осы процестің заңдылықтары анықталды, олардың макроқұрылымы карбонизация температурасының өзгеруіне байланысты физика-химиялық талдаудың әртүрлі әдістерімен анықталды. Сорбция параметрлерінің улы газдар бойынша сорбция сый-

ымдылығын арттыруға ықпал ететін сорбенттердің сорбция қабілетіне әсері зерттелді. Экономиканың агроөнеркәсіптік секторының қалдықтарын сорбент ретінде сүзгі желдету қондырғыларында қолдану үшін көміртекті материал алу үшін өрік сүйегінің мысалында өңдеу әдістемесі сипатталған.

IV кезең – персоналға кемінде екі тәулік қорғаныш құрылысында болуға мүмкіндік беретін тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері жобаланған.

V және VI кезеңдерде – АҚМҚҚ прототипі жасалды және оның конструкцияларына, тораптары мен қосылыстарына, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріне сынақ жүргізілді.

Жалпы алғанда, әртүрлі климаттық аудандардағы контейнерлік типтегі АҚМҚҚ 100 кПа күшімен ауаның соққы толқынының артық қысымының әсерінен, әдеттегі зақымдау құралдарынан, жоғарыда орналасқан қабаттардың құрылыс конструкциялары-

ның сынықтарынан, енетін радиациядан, қатты әсер ететін улы заттардың негізгі түрлерінен химиялық уланудан және өрт кезінде жылу әсерінен қорғауды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде санатталған ұйымдардың ерекше кезеңдегі қорғаныш құрылыстарының қажетті санымен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

«Контейнерлік үлгідегі азаматтық қорғаныстың мобильді қорғаныс құрылысын әзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы қорытынды есеп Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына және Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне ұсынылды.

2024 жылы ТЖ Министрлігінің бастамасымен 2024 жылға арналған ұлттық стандарттау жоспары шеңберінде АҚМҚҚ ұлттық стандартын әзірлеуді ұйымдастыру жоспарлануда.



«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ



АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ АЛГОРИТМІ

Мақаланы дайындағандар: оқытушы Айнабекова М.Б. және Исабаева Л.М.

БҮГІНГІ КҮНГІ БОЛЫП ЖАТҚАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА, ЕҢ БІРІНШІ АДАМДАР ЗАРДАП ШЕГЕТІНІ БӘРІМІЗГЕ МӘЛІМ. СОНДЫҚТАН АРНАЙЫ МАМАНДАРДАН БӨЛЕК, ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ЗАРДАП ШЕККЕН АДАМҒА АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТЕ АЛУЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ДАҒДЫЛЫ ІСТЕРДІҢ БІРІ БОЛҒАНЫ ДҰРЫС.

Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық орталыққа келуші тыңдаушылары «Азаматтық қорғау» заңының 46-бабына және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы «Алғашқы көмекті медициналық білімі жоқ, оның ішінде тиісті даярлықтан өткен адамдардың көрсету қағидаларына» бұйрығына сәйкес төтенше жағдай кезінде өзіне көмек және өзара көмек көрсету дағдыларын меңгеруі тиіс болғандықтан, семинар тренингтің оқу бағдарламасында алғашқы көмек бойынша арнайы тақырыпта дәріс оқытылады. Осы орайда ұлттық орталықтың оқытушылары Алматы қаласында орналасқан «Қызыл крест және қызыл ай» халықаралық ұйымында бір апталық курсқа қатысып, алғашқы көмек көрсету бойынша біліктіліктерін арттыр-

ды. Осы мақалада алған білімдері бойынша алғашқы көмек көрсетудің заманауи алгоритімімен таныстырады.

Алғашқы медициналық көмек - бұл дәрігерлер келгенге дейін оқиға орнында зардап шеккен адамға көрсетілуі керек шаралар кешені. Алғашқы көмек жарақаттанулар, кенеттен басталған аурулар кезінде көрсетіледі, сондай-ақ жарақат алу оқиғасын бастан кешіру немесе осындай оқиғаға тікелей қатысу кезінде туындаған эмоциялық қамығудан зардап шеккен адамдарға психологиялық-әлеуметтік көмек көрсетуді қамтиды. Алғашқы көмек адамның өмірін сақтауға, азабын жеңілдетуге, әрі қарай ауыруын немесе жарақаттануын болдырмауға және бір апталық курсқа қатысып, қалпына келуіне көмектесуге бағытталған. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап,

алғашқы көмекті дұрыс және тиісінше көрсету аса маңызды рөл атқарады.

Алғашқы көмек көрсету алгоритмі - қауіпсіз және барынша тиімді алғашқы көмек көрсетуге бағытталған құтқарушы әрекеттерінің тізбегі.

1. ОҚИҒА ОРНЫН ҚАРАП-ТЕКСЕРУ.

Оқиға орнын қарап-тексеру кезіндегі ең маңызды міндет қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Оқиға орнын қарап-тексеру кезінде өзіңізге және зардап шеккен адамға ештеңенің қауіп төндірмейтініне көз жеткізіңіз:

- Оқиға орны құтқарушы мен зардап шеккен адам үшін қауіпсіз болса, оқиға орнында алғашқы көмек көрсетуге кірісіңіз;
- Оқиға орны сіз үшін қа-

«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ



Есін жоғалтқан-жоғалтпағанын анықтау

Зардап шеккен адамнан «Сізге көмек керек пе?» деп сұраңыз.

Егер жауап болмаса, жайлап иығынан сілкіңіз. Зардап шегуші жауап қатқан жағдайда:

- зардап шегушіге қауіп төнбесе, оны орнынан қозғамаңыз;
- одан және куәгерлерден не болғанын сұраңыз;
- бастапқы қарап-тексеруді жүргізіп, алғашқы көмек көрсетіңіз;
- қажет болған жағдайда, жедел жәрдем шақырыңыз;
- зардап шегушінің жай-күйін қадағалаңыз;
- жедел жәрдем келгенше жанында болыңыз.

Зардап шегуші жауап қатпаса, зардап шегуші ес-түссіз жатыр деп болжаймыз.

Сіздің әрекеттеріңіз:

1. Көмекке шақырыңыз.
2. Жедел жәрдем шақырыңыз (103, 112).
3. Зардап шегушіге тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз етіңіз.

Зардап шегушінің тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету.

Ес-түссіз күйде тіп бұлшықеттері босаңсып, оны жұтып қою мүмкін болады, нәтижесінде тыныс алу жолдарының өткізгіштігі бұзылады. Тыныс алу жолдарының өткізгіштігін зардап шегушінің иегін сөл көтеріп, басын артқа шалқайту арқылы қамтамасыз етуге болады.

Сіздің әрекеттеріңіз:

Қолыңызды зардап шегушінің маңдайына қойып, екінші қолдың саусақтарының ұшымен иегін ақырын көтеріп, зардап шегушінің басын артқа шалқайтыңыз.

Тыныс алудың бар-жоқтығын тексеру.

Тыныс алудың бар-жоқтығын анықтау үшін көру, есту және сезу бақылауын қолданыңыз.

1. Кеудені сырт киімнен босатыңыз.
2. Зардап шеккен адамға еңкейіңіз. Кеудесінің көтерілетін-көтерілмейтінін қараңыз.
- Құлағыңызды тосып, бетіңізбен зардап шегушінің тынысын сезініңіз (10 секунда дейін).



Зардап шегуші тыныс алып жатса:

1. Зардап шегушіні қалпына көлтіру күйіне ауыстырыңыз.
2. Оның жәй күйін қадағалап, тыныс алуын ара тұра тексеріп тұрыңыз.
3. Зардап шегуші тыныс алмай жатса жүрек-өкпе реанимациясын жүргізіңіз.

Назар аударыңыз!
Зардап шегушінің қалыпты тыныс алып жатқанына сенімді болмасаңыз, тыныс алмай жатқан кездегідей шаралар қолданыңыз.

уіпсіз, бірақ зардап шеккен адам үшін қауіпті болса, оны (қолжетімді тасымалдау тәсілдерінің бірін қолдана отырып) қауіпсіз жерге көшіріңіз және алғашқы көмек көрсетуге кірісіңіз;

- Сіздің өміріңізге немесе денсаулығыңызға қауіп төніп, алғашқы көмек көрсете алмайтын болсаңыз, қауіпсіз қашықтықта тұрып, мамандарды шақырыңыз (103, 112).

2. ЗАРДАП ШЕККЕН АДАМДЫ БАСТАПҚЫ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ.

Зардап шеккен адамды бастапқы қарап-тексеру - оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды анықтау мақсатында жүргізілетін қарап-тексеру. Зардап шегушіде қатты қан кетудің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз!

Бастапқы қарап-тексеру қадамдары:

1. Есін жоғалтқан-жоғалтпағанын анықтау
2. Тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету
3. Тыныс алудың бар-жоқтығын анықтау



3. ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ШАҚЫРУ (103, 112).

Жедел жәрдемді басқа біреудің шақырғаны дұрыс. Бұл сіздің зардап шегушінің жанында қалып, алғашқы көмек көрсетуден қол үзбеуіңізге мүмкіндік береді. Мына нәрселерді анық хабарлаңыз:

- оқиғаның нақты орны (мекенжайы, орналасқан жері);
- не болғанын және қауіптің бар-жоқтығын;
- зардап шеккен адамның кім екенін және қандай жағдайда екенін;
- көрсетілетін көмектің сипатын.



Мына жағдайлардың кез келгенінде жедел жәрдем шақырылуы тиіс:

- ес-түссіздік немесе естің кіресілі-шығасылы күйі;
- тыныс алу проблемалары (тыныс алудың қиындауы немесе болмауы);
- кеудедегі ауырсыну;
- қатты қан кету;
- іштің қатты ауыруы;
- қан құсу немесе қан аралас бөліністер (зәрмен, қақырықпен және т.б.);
- құрысулар;
- қатты бас ауруы немесе сөйлеудің бұзылуы;
- бас, мойын, арқа жарақаттары;
- сүйек сыну ықтималдығы;
- кенеттен пайда болған қи-

- мыл бұзылыстары;
- оқ немесе пышақ жараланы;
- өрт немесе жарылыс;
- өндірістегі апаттар;
- көліктің соқтығысуы.

4. АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ.

Зардап шегушінің жай-күйіне байланысты алғашқы көмек керсетуге кірісіңіз.

5. ЗАРДАП ШЕККЕН АДАМДЫ ҚАЙТА ҚАРАП-ТЕКСЕРУ.

Зардап шеккен адамды қайта қарап-тексеру, сол уақытта зардап шегушінің өмірін құтқару шараларымен айналысып жатпаған болсаңыз, жедел медициналық жәрдемнің келуін күту кезінде жүргізіледі.

Зардап шегуші есін білетін болса, одан мыналарды нақтылаңыз:

- не болғанын;
- медициналық дәрі-дәрмек қабылдайтын қабылдамайтынын;
- аллергиясының бар-жоқтығын;

- қандай да бір ауруларының бар-жоқтығын;
- соңғы рет қашан тамақтанғанын.

Зардап шегуші ес-түссіз болса, қан кетулер мен жарақаттардың бар-жоқтығын



қарап-тексеріңіз. Қалпына келтіру күйі зардап шегуші есінен танып қалған, тыныс алып жатқан және қатты қан кету болмаған жағдайларда қолданылады.

Осы мақалада көрсетілгендей алғашқы көмек көрсетіңіз алгоритімін негізге ала отырып төтенше жағдай аймағында, немесе оқыс оқиғаға тап болғанда, сіз өзіңіздің және зардап шеккен жаныңыздағы жандардың денсаулығы мен өмірін қорғап қалуға үлесіңізді қосасыз.





ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

Мақаланы дайындаған:
ғылыми қызметкер Исаева Ұ.Б.

ХАЛЫҚТЫ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТЖ-ДАН ҚОРҒАУ- ДЫҢ ЖАЛПЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАН ҚОРҒАУ АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ТЕХНОГЕНДІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҰЛҒАЮЫМЕН ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУЫМЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЖ-ДАН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЕРЕКШЕ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ОТЫР.

Қазақстан Республикасы "Азаматтық қорғау туралы" заңының 18-бабына сәйкес халықты техногендік сипаттағы ТЖ-дан қорғаудың жалпы контекстіндегі еңбекті қорғау бойынша жеке тұлғалардың азаматтық қорғау саласындағы міндеттері:

схемасы әкімшілік –аумақтық бірліктің әкімі бекітетін ТЖ жою жөніндегі іс-қимыл жоспарына қосымша болып табылады.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағына сәйкес ТЖ қаупі төнген және туындаған кезде облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің халқын құлақтандыру үшін тиісті аумақтық деңгейдегі құлақтандыру жүйесін іске қосуға өкімдер береді. Аумақтық құлақтандыру жүйесі құлақтандыру сигналдары мен ақпараттарды жеткізуді қамтамасыз етеді:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыс (облыс аумағының бір бөлігі), қалалар мен аудандар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер халқы;


2) Жергілікті атқарушы органдар мен өзге де мемлекеттік органдар;

3) шұғыл және авариялық қызметтер;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы азаматтық қорғау күштері.

Аумақтық бөлімшелермен (облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) департаменттерімен, облыстық маңызы бар қалалардың басқармаларымен, ҚР ТЖМ аудандық төтенше жағдайлар бөлімдерімен) келісім бойынша АҚМЖ аумақтық кіші жүйесінің басшы органдары нақты жағдайды ескере отырып, **"Жоғары дайындық"** немесе **"Төтенше жағдайлар"** АҚМЖ жұмыс істеу режимдерін енгізу туралы шешім қабылдайды.

Осы нормативтік-құқықтық шешімдерді қабылдау мерзімдері бойынша ҚР АҚ саласындағы заңнамасымен уақытша параметрлер



регламенттелмеген. Әкімнің осы актілерінің қолданылу мерзімі ТЖ жою жөніндегі барлық іс-шаралардың аяқталу уақытына және олардың зардаптарына байланысты. Жоғарыда аталған барлық іс-шаралар аяқталғаннан кейін "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 ҚР Заңына сәйкес әкімнің бұрын қабылданған "Жоғары дайындық" және "Төтенше жағдай" АҚМЖ жұмыс істеу режимін енгізу туралы актінің күшін жою туралы жаңа шешімі қабылданады.

"Жоғары дайындықтың" жұмыс істеу режимін енгізу туралы АҚМЖ басшылығының шешімінде мынадай міндеттердің орындалуын айқындайды:

1. төтенше жағдайлардың туындауын және олардың салдарын болжау;

2. төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын түзету (№2 бөлім "ТЖ қаупі және туындауы кезіндегі іс-шаралар");

3. басқару пункттерінде басқару органдары мен азаматтық қорғау күштері басшылары мен лауазымды адамдарының тәулік бойы кезекшілігін енгізу (оның ішінде АҚМЖ күштері мен құралдарын әзірлікке келтіру)

3. болжамды төтенше жағдайлар туралы деректерді жинау, өңдеу және басқару органдары мен азаматтық қорғау күштеріне беру, мемлекеттік органдар мен халықты олардан қорғау тәсілдері туралы хабардар ету;



4. төтенше жағдайлардың туындауының алдын алу және оларды жою, олар туындаған жағдайда залал мен шығын мөлшерін азайту, сондай-ақ төтенше жағдайларда объектілердің орнықтылығы мен жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыру (жолдарды уақытша жабу, білім беру ұйымдарындағы сабақтарды тоқтату және т. б.)

бойынша жедел шаралар қабылдау;

5. төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою үшін құрылған материалдық ресурстардың қажетті резервтерін толтыру;

6. қажет болған жағдайда эвакуациялық іс-шараларды (оның ішінде үй жануарларын) жүргізу;

7. қалыптасқан жағдайдағы басқа міндеттер.

Бұл міндеттерді орындау азаматтық қорғау қызметтеріне, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына, эвакуациялық комиссияларға, басқару органдары мен ұйымдарына ТЖ жою жөніндегі іс-қимыл жоспарының "ТЖ қаупі мен туындауы кезіндегі іс-шаралар" №2 бөліміне сәйкес жүктеледі.



III. "Төтенше жағдайлар" режимінде АҚМЖ аумақтық кіші жүйесінің жұмыс істеу тәртібі

Егер белгілі бір аумақта авария, өрт, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсері, қауіпті табиғи құбылыс, апат, дүлей немесе өзге де зілзала салдарынан адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық залалға және адамдардың өмір сүру жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы немесе әкеп соқтыруы мүмкін жағдай қалыптасқан болса, онда аумақтық аумақтық бөлімшелермен (облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)департаменттерімен) келісім бойынша АҚМЖ кіші жүйелері, облыстық маңызы бар қалалардың басқармалары, ҚР ТЖМ аудандық төтенше жағдайлар бөлімдері) нақты жағдайды ескере отырып және халықты және аумақты қорғау мақсатында "Төтенше жағдай-

дың" жұмыс істеу режимін енгізу жөнінде тиісті шешім қабылдайды ("Азаматтық қорғау туралы" ҚР Заңының 3-тармақшасы, 5-тармағы, 4-бабы).

Осы режимді енгізу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туындауы туралы шұғыл ақпараттың БҚДҚ-ға түсуі негіз болып табылады:

- ТЖ түрі мен ауқымын, зардап шеккендердің санын айқындау және ТЖ аймақтарының шекараларын айқындау жөніндегі жедел топтардан хабарламалар;

- ықтимал қауіпті объектілердің диспетчерлік қызметтерінен авария туралы хабарламалар;

- "Қазселденқорғау" аумақтық бөлімшелерінен (сел және қар көшкіні жиыны туралы) және ҚР ТЖМ "Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту Ұлттық орталығы" АҚ сейсмикалық станциялар желілерінен (жер сілкінісінің туындауы туралы) хабарламалар;

- ғарыштық мониторинг деректері (дала және орман өрттері);

- азаматтардан ақпарат;

- ҰҚК-ден жарылғыш құрылғыларды салу және Террористік актілерді жасау қаупі туралы

ақпарат;

- "Роскосмосстан" есепті аймақтардан тыс ғарыш аппараттарының ұшуы мен құлауы кезіндегі штаттан тыс жағдайлар туралы хабарламалар;

- ТЖ туындау фактісі туралы ұйымнан хабарламалар.

АҚМЖ басшылығының "Төтенше жағдайлардың" жұмыс істеу режимін енгізу жөніндегі шешімінде мынадай міндеттердің орындалуын айқындайды:

1. төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын қолданысқа енгізу (іске асыру, орындау) және оларды түзету;

2. туындаған төтенше жағдайлардың дамуын және олардың салдарын болжау (ТЖ аймақтарының шекараларын айқындау);

3. орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ халықты төтенше жағдайлардың туындағаны және олардың зардаптары туралы хабардар ету (аумақтық құлақтандыру жүйесін іске қосу туралы өкім);

4. ТЖ жою басшысын тағайындау (жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай кезінде төтенше жағдайды жою басшысы болып жергілікті атқарушы органның лауазымды адамы тағайындалады).



5. төтенше жағдайларды жою, азаматтық қорғау күштері мен құралдарының іс-қимылдарын жан-жақты қамтамасыз ету, оларды жүргізу барысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен халықтың күштері мен құралдарын тарту, Қарулы Күштерді қолдану Туындаған төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасының күштері;

6. төтенше жағдай аймағындағы жағдай және оны жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу барысы туралы ақпарат жинау, талдау және алмасу;

7. орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылын ұйымдастыру және қолдау;

8. төтенше жағдайларда халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу.

9. қалыптасқан жағдай бойынша басқа да іс-шаралар.

Бұл ретте шешімде ТЖ себептері, режимді енгізу қажеттігінің негіздемесі, ол әрекет ететін аумақтың шекарасы, оны қамтамасыз

етуге арналған күштер мен құралдар, шаралар тізбесі, жауапты лауазымды адамдар мен қызметтер, кіру уақыты мен қолданылу мерзімі көрсетіледі.

Халықты және аумақтарды ТЖ-дан қорғау жөніндегі іс-шаралардың көлемі мен мазмұны азаматтық қорғау күштері мен құралдарын қоса алғанда, қолда бар күштер мен құралдарды қажетті жеткіліктілік және барынша ықтимал пайдалану қағидаты негізге алына отырып айқындалады.

ТЖ жою бойынша авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу тәртібі ТЖ жою жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес жүргізіледі (№3 "ТЖ туындаған кездегі іс-шаралар" бөлімі).

Төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі жұмыс "Жүргізілетін жұмыстардың тәртібі мен реттілігі, оларға тартылатын күштер мен құралдар айқындалған ТЖ жою жөніндегі іс-қимыл жоспарының" №3 бөліміне сәйкес жүргізіледі. "Азаматтық қорғау туралы" ҚР Заңының 15-бабына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға және олардың зардаптарына қаражат жергілікті атқарушы органдардың төтенше резервінен бөлінеді.

Жергілікті және объектілік ауқымдағы төтенше жағдайлар кезінде инженерлік ин-

фракұрылымды, тұрғын үйді қалпына келтіру, қоршаған ортаны сауықтыру, халыққа әлеуметтік-оңалту көмегін көрсету жөніндегі іс-шараларды жүргізуді жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың салдарын жоюға бюджет қаражатын бөлу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлармен жеке тұлғалардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян (залал) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зардап шеккендердің ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті шектерде өтеледі (ҚР Үкіметінің 19.12.2014 жылғы №1358 қаулысы).

Салынған тұрғын үй Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға беріледі (ҚР Үкіметінің 21.11.2014 жылғы №1222 Қаулысы).

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй Қазақстан Республикасының аумағында экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде тұруға жарамсыз болып қалған азаматтарға өтеусіз негізде беріледі.

Бюджет қаражатын бөлудегі шешім:

- төтенше жағдайлардың салдарын жоюға;
- зардап шеккендердің ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті шектерде табиғи сипаттағы төтенше жағдайлармен жеке тұлғалардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу;
- экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғынжайы бар азаматтарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан өтеусіз негізде тұрғынжай беру әкімдіктің қаулысымен қабылданады.

ТЖ қаупі мен туындауы кезінде халықты және аумақтарды қорғау жөнінде қосымша шаралар қабылдау

Әкімдердің "Жоғары дайындық" және "Төтенше жағдайлар" режимдерін енгізу жөнінде-

гі шешімдерінде АҚМЖ аумақтық кіші жүйелерінің жұмыс істеуіне қатысты.

Сондай ақ бұл шешімдерде халықты және аумақты ТЖ әсерінен қорғау бойынша мынадай қосымша шараларды жүргізу көзделеді:

а) адамдар мен көлік құралдарының ТЖ туындау қаупі бар аумаққа, сондай-ақ ТЖ аймағына кіруін шектеу;

б) егер осы ұйым қызметкерлерінің және оның аумағындағы өзге де азаматтардың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігіне қатер төнсе, ТЖ аймағында болған ұйымның қызметін тоқтата тұру;

в) ТЖ алдын алу және жою және оның теріс әсерін азайту үшін қажетті жағдайлар жасау және басқа да шаралар.



IV. Төтенше жағдайды жариялау рәсімі және оның ерекшеліктері

Жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері жүзеге асырады, ол шешім түрінде тиісті құқықтық актімен ресімделеді.

Бұл ретте "Төтенше жағдай" режимін енгізу туралы шешіммен салыстырғанда төтенше жағдай жариялау туралы шешімде бірқатар ерекшеліктер бар.

Бірінші ерекшелігі-ұйымдастырушылық аспектілер

Егер "Төтенше жағдай" режимін енгізу кезінде әкімдер уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісілгеннен кейін шешім қабылдаса, онда ТЖ жарияланған кезде мұндай рәсім заңнамалық актілерде регламенттел-

меген.

Екінші ерекшелігі-құқықтық аспектілер

Әкімнің ТЖ режимін енгізу туралы шешімі АҚМЖ аумақтық кіші жүйесінің қызметіне қатысты.

ТЖ жариялау туралы шешім нормативтік құқықтық шешім болып табылады, ол тек АҚМЖ қызметіне ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне де қатысты. Олар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орындау үшін міндетті, яғни Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына, сондай-ақ оның аумағындағы осы әкімшілік-аумақтық бірлікте тұратын және ТЖ аймағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Үшінші ерекшелік – уақыт параметрлері

Әкімнің ТЖ режимін енгізу туралы шешімі бірінші кезекте жедел сипатқа ие, яғни ТЖ аймағына АҚМЖ-ды одан әрі жүргізу үшін күштер мен құралдарды жіберу үшін, сондай-ақ Жедел тәртіппен жүргізу қажет басқа да іс-шаралар үшін қажет.

Әкімдер төтенше жағдай жариялау туралы шешімді қалыптасқан жағдайды бағалағаннан және ТЖ аймақтарының шекараларын анықтағаннан, ТЖ алдын алу және жою жөніндегі комиссия ұсыныстар әзірлегеннен кейін қабылдайды. Сондай-ақ, бұл шешім ұйымдастырушылық-техникалық, қаржылық-экономикалық сипаттағы келесі іс-шараларды орындау үшін заңды негіз болып табылады:

- ТЖ жою басшысын тағайындау;
- төтенше жағдайларда халықтың тіршілігін қамтамасыз ету, оның ішінде төтенше жағдайларды жою үшін материалдық-техникалық ресурстардың қорларын пайдалану;
- инженерлік инфрақұрылымды, тұрғын үйді қалпына келтіру, қоршаған ортаны сауықтыру, халыққа әлеуметтік-оңалту көмегін көрсету бойынша іс-шаралар өткізу;
- зардап шеккендердің ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті шектерде табиғи сипаттағы төтенше жағдайлармен жеке тұлғалардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды (залалды) өтеу;
- Қазақстан Республикасының аумағында

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде тұрғынжайы тұруға жарамсыз болып қалған азаматтарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды өтеусіз негізде ұсыну;

Бұдан басқа, төтенше жағдай жариялау рәсімімен байланысты, яғни әкім тиісті шешім қабылдағаннан кейін орындалатын бірқатар іс-шаралар бар. Олар ҚР ПМ-нің 2015 жылғы 7 қарашадағы №890 "Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың, оны оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың болуын негіздейтін материалдарды ұсыну қағидалары мен тізбесін, төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажеттігін, материалдық-техникалық, қаржылық және қаржылық негіздемелер мен есептеулерді бекіту туралы" бұйрығында айқындалған. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың болуын негіздейтін материалдар тізбесіне мыналар жатады:

1) аудан (қала) әкімінің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия төрағасының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия мүшелерінің және мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен зардап шеккен объектілер мен халыққа тексеру жүргізу туралы шешімі;

2) комиссия мүшелерінің қолы қойылған және мөрімен расталған төтенше жағдай туындаған аумақты және объектілерді (болған төтенше жағдай, төтенше жағдай аймағының ауданы, ғимараттар мен құрылыстардың зақымдану және қирау дәрежесі мен сипаты, зардап шеккендердің саны, залал мөлшері, төтенше жағдайды жою жөніндегі шаралар туралы негізгі мәліметтерді көрсете отырып) тексеру актісі;

3) төтенше жағдайдан зардап шеккен азаматтардың біржолғы көмек алуға арналған тізімі.

Әдістемелік ұсынымды әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды:

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы (85,87-баптар).
2. 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" ҚР Заңы (баптар – 1,3,4,15,48,49,50).
3. "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 ҚР Заңы (37-бап).
4. 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480" Құқықтық актілер туралы " ҚР Заңы (7-баптың 9-тармағы).
5. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы №1222 "ТЖ салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй қағидаларын бекіту туралы" қаулысы.
6. "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (залалды) өтеу ережесін бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1358 қаулысы.
7. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жіктелуін белгілеу туралы" ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі №756 қаулысы.

8. ҚР ПМ "Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 24 ақпандағы №149 бұйрығы.

9. ҚР ПМ-нің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №787 "Техногендік және табиғи сипаттағы ТЖ кезіндегі жағдайдың бірыңғай деректер банкін қалыптастыру жөніндегі материалдар" бұйрығы.

10. ҚР ПМ-нің 2015 жылғы 7 қарашадағы №890 бұйрығы "Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың, оны оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың болуын, төтенше жағдайдың құқықтық режимін, материалдық-техникалық, қаржылық және адам ресурстарының тиісті негіздемелері мен есептеулерін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажеттілігін негіздейтін материалдарды ұсыну қағидалары мен тізбесін бекіту туралы".

11. ҚР ТЖМ "АҚ жоспарының құрылымын және ТЖ жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" 2014 жылғы 25 мамырдағы №258 бұйрығы.



20 ЖЫЛ БҰРЫН БІЗ НЕ ЖАЗДЫҚ

(№1(17), 2004ж)

ЖЕР АСТЫ ДҮМПУЛЕРІНІҢ ХАБАРШЫЛАРЫ

Бойко А.Я.



ЖЫЛ САЙЫН ЖЕР ШАРЫНДА ЖҮЗДЕГЕН КҮШТІ ЖЕР СІЛКІНІСТЕРІ БОЛАДЫ. ОЛАРДЫҢ КӨБІСІ ТҰРҒЫНДАРЫ АЗ АУМАҚТАРДА ӨТЕТІНДІКТЕН БАЙҚАЛМАЙ ҚАЛАДЫ. БІРАҚ, ЕГЕР КҮШТІ ЖЕР СІЛКІНІСІ ИНДУСТРИАЛДЫ АУМАҚТА, ҮЛКЕН ҚАЛАНЫҢ ЖАНЫНДА БОЛСА, ОЛ СОЛ ТӨҢІРЕКТІ АУЫР ЗАРДАПТАРҒА ҰШЫРАТЫП, ЖҮЗДЕГЕН, МЫНДАҒАН АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІН ӘКЕТЕДІ.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА БОЛУЫ МҮМКІН ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ АРАСЫНДА ЖЕР СІЛКІНІСТЕРІ ЕҢ ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫСТАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНЫҢ БІРТАЛАЙ БӨЛІГІ-30%-ҒА ЖУЫҒЫ СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТА ЖАТЫР. БҰЛ ЖЕРЛЕРДЕ 6 МЛН. ЖУЫҚ АДАМ ТҰРАДЫ, ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТТІҢ 40% ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН, ЖҮЗДЕГЕН ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР, ОНЫҢ ІШІНДЕ, АЛМАТЫ, СЕМЕЙ, ТАЛДЫҚОРҒАН, ТАРАЗ, ӨСКЕМЕН, ШЫМКЕНТ СИЯҚТЫ ҚАЛАЛАР ОРНАЛАСҚАН.

ЖЕР СІЛКІНІСІНІҢ ГЕОМАГНИТТІК, ГИДРОГЕОХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛІК ХАБАРШЫЛАРЫ

Бүкіл әлемнің ғалымдары жер сілкінісінің жақындауын ертерек ескерту бойынша жұмыс істеп жатыр. Қазіргі кезде жер сілкінісі болуы мүмкін аудандар жетік айқындалды. Бірақ, сейсмология ғылымының жетістіктеріне қарамастан, жер сілкінісі басталатын уақытты нақты анықтайтын әдіс әлі табылған жоқ. Жер сілкінісін болжау мүмкіндігі туралы мәселе туындағанда, ғалымдар сейсмикалық режим мен әр түрлі геофизикалық өрістерді зерттеуге кірісті. Осы заманғы

ғылым Жердің әр түрлі физикалық параметрлерін зерттеді. Жер сілкінісі алдында кейбір осы параметрлердің сипаттары өзгеруі мүмкін екен. Осындай физикалық параметрлерді сейсмологтар хабаршы, ал нормадан ауытқушылықтың өзін аномалия деп атайды.

Сонымен, мысалы, тау жынысының кернеулі күйіне тәуелді сейсмикалық толқынның күшті жер сілкінісінің хабаршысы болып белгіленді.

1966 жылы Ташкенттегі жер сілкінісі алдында, топырақ суында болатын радонның бөлінуінің күрт өсуі зерттеушілер назарын аударғаны. Осы заманғы құбылысты әрі қарай зерт-

теу жер сілкінісінің алдында ықтимал жер сілкінісі кіндігі өңіріндегі жер асты суларынан фтор мен уран қосылысының, аргон, гелий асыл газдарының көп бөлініп шығатынын көрсетті. Ғалымдар тағыда, электромагнитті өрістің мөлшері, ұңғымалардағы судың деңгейі мен тұтынылуы өзгеруін жер сілкінісінің хабаршылары деп есептейді. Ғылымдардың есебі бойынша, 400 км радиусындағы күшті жер сілкінісін, жер астындағы судың деңгейі өзгергеннен 80% мүмкіндікпен болжауға болады. Жер сілкінісіне 3-6 апта қалғанда, судың деңгейі 10-30 мм төмендейді, ал жер сілкінісіне 1-5 күн қалғанда, ол тез орнына

келеді. Жер сілкінісінің уақытын 1 тәулікке дейін дәл болжауға болады.

Жер сілкінісінің хабаршыларын іздейтін геомагнитті әдістерге үлкен көңіл бөлінеді, өйткені пьезомагнитті әсерден және тау жынысында магнитты минерал болғандықтан, жағдайдың өзгеруі геомагнитты вариацияларында бейнелену керек. Геомагнитті хабаршылардың табиғатына деген көбірек тараған екі көзқарас бар. Біреуі оларды электрлі құбылыстармен, ал екіншісі пьезомагниттермен байланыстырады.

Елесті найзағай, шарлар мен оттар жер сілкінісіне із ашады, ал атмосферада электр өрісінің кернеуі өсе түседі. Ашхабад жер сілкінісінің (1948ж.) куәгерлері, жер сілкіністің қарсаңында соқыр қылатындай жарық разрядтарды бақылағандарын айтты. Олар құрған доға, таудан солардың жақтарына жақындап келе жатып су айдайтын мұнараның жанында жердің астына кетті. Одан кейін қатты жел соқты. Ол аяқ асты тоқтады да, сол арада жер дірілдей бастады.

Профессор Е.Чернявский Джалал-Аббад (Қырғызстан) аймағында атмосфера-

лық электрлендіруді зерттеп жатқанда, 1924 жылдың тамызында электр өңірінің кернеуін байқады. «Құралдардың ерекше тәртіптері бізді таң қалдырған күні, аспан ашық болған. Бірақ құралдар, атмосферада аса үлкен әлеуетпен "электр құйыны" басталғанын көрсетті. Қандай күшпен болғанын өлшей алмады, өйткені құралдың тілдері бірден шкаладан асып кетті. Ал 2 сағаттан кейін жер сілкінісі болды».

Соған ұқсас құбылыс Ташкент қ. қайталанды. Негізгі геофизикалық обсерваторияда жер сілкінісі басталғанға бірнеше сағат қалғанда бейне растау алынды. Ташкент қ. әдеттегі метеорологиялық себептерсіз, найзағай немесе шаң құйындары болмасада, электр өңірі аяқ асты өзгергені тіркелді.

ЖЕР СІЛКІНІСІНІҢ БИОХАБАРШЫЛАРЫ

Егер жануарлардың мінез-құлықтарын білсе, жер сілкінісінің ауыр салдарын азайтуға болады. Үй жануарлары өздерінің иелерінің өмірлерін құтқарған көп жағдайлар белгілі. Белгілі ғалым, табиғат зерттеушісі профессор П.И.Мариковскийдің «Үй

жануарлары жер сілкінісін болжайды» деген басылып шыққан кітапшасында, күшті жер сілкінісінің алдында үй жануарларының әдеттен тыс мінез-құлықтарының көп мысалдары келтірілген.

1911 жылғы Кемин жер сілкінісінің алдында эпицентрден 100 метр қашықтықта Ыстық көлдің жағасында жер сілкінісіне бірнеше апта қалғанда иттер өте мазасыз болды, 10 күн қалғанда балық мүлде ұсталмады, жер сілкінісінен бірнеше минут бұрын сиырлар мөңіреп, жылқылар кісіней бастады.

Үйлерінде малдары бар әр адам немесе жұмыс бабымен олармен араласатын әр адам, олардың әдеттегі мінез-құлықтарын біледі. Сондықтан, жануарлардың мазасыздығы мен әдеттен тыс мінез-құлықтарын байқау қиынға тұрмайды. Жануарлардың әдеттен тыс мінез-құлықтары туралы жеткілікті көп хабар алынғанда, аз уақыт аралығында бүкіл ақпарат геогрфиялық, гидрохимиялық, гидродинамикалық мөлшерлер кешенінде талданады. Жануарлардың әдеттен тыс мінез-құлықтарын байқағанда, ғимарат немесе қауіпті жерлерден кету керек, өйткені жануарлар тікелей жер сілкінісінің алдында мазасызданады.

Жануарлардың дәл осындай қалыптан тыс мінез-құлықтары 1948 жылғы Ашхабад, 1988 жылғы Армян, 14.06.90 жылғы Зайсан, 12.11.90 жылғы Алматы облысы Байсары ауданында болған жер сілкінісіне ізашар болды.



А. Никонов өзінің "Білім - күш" атты журналда жарық көрген Армениядағы 1988 жылғы жер сілкінісі мақаласы, мына оқиғаны сипаттайды. Ленинан қаласының тұрғыны А.Гарибян 6 желтоқсан күні кештен бастап өзінің мысығы мен итінің (алты жасар лайка- Алиса) қатты мазасызданғанын байқаған. 7 желтоқсан күні таңғы сағат 7 сағат 30 минутта, яғни жер сілкінісінен 4 сағат бұрын итін серуендеуге алып шыққан. Осы кезде мысығы үйден жүгіріп шығып, газонда жүрген егеуқұйрықтарға қарамастан ағаштың үстіне шығып кеткен.

Иті үйге кірмей қарсылық білдірген, оны күшпен алып кірген кезде ол тағыда қарсылық білдіріп, тіпті өз қожайынын қауып алған. 9 сағат 45 минутта ол тіпті маза таппай кеткеннен кейін, қожайыны сезіктеніп, милицияның қалалық бөліміне телефон шалған. Оның жер сілкінісі болуы мүмкін деген сөзіне ешкім көңіл бөле қоймаған. Сол кезде бұл қайтпайтын кісі қалалық советке және радиоға телефон шалған.



Сағат 10 -да, яғни жер сілкінісіне 1 сағат 40 минут қалғанда ол көршілерін аралап шыққан, барлығына да-

лаға шығуларын ұсынған, онда олар жағдайды талқылай бастаған. Өйткені көршісінің иті де мазасыздану белгілерін көрсеткен. Жер сілкінісі басталған кезде барлығы аулада болғандықтан, қирап жатқан үйлерден, көрші алаңға қашып үлгерген. Хабардың авторы оның Алиса атты иті Казарьяновтардың, Дкманьяновтардың, Оганезовтардың, Беловтардың отбасын құтқарып қалды деп санайды.

Қазақстандағы белгілі Зайсан жер сілкінісінің эпицентралды аумағының тәжірибелі тексерудің қысқа сипаттамасын келтірейік. Осындай оқиғалар жиі болмағандықтан, ҚР АН сейсмология Институтының биологиялық жасағының күшімен апат болған жердегі жер сілкінісі алдындағы жануарлардың мінез-құлықтары туралы хабарлар ретроспектрлі жиылу туралы шешім қабылданды.

Жергілікті халықтан сұхбат алудың нәтижесінде жер сілкінісін сезетін аңдардың түрлері, сонымен қатар эпицентрден алшақтау және болу уақыты бойынша, сонымен қатар дүмпуге дейінгі уақытта аңдардың көрсеткен мінез-құлқының аномальды дәрежесі белгіленген. Жағдайды дәлелдеу мақсатында, оқиғаның куәсі болған жергілікті жердің бірнеше тұрғындарынан сұхбат алынды.

Осы тексерудің материалдары бойынша негізгі қорытынды жасауға болады: жер сілкінісінің қарсаңында жануарлардың 20 түрінде, әсіресе үй жануарларында қалыптан

тыс мінез-құлықтар байқалған.

Сүтқоректілер

Сиырлар жер сілкінісінің алдында бірнеше күн бұрын жаман сауылып, таңертең үйден өріске барудан бас тартып немесе өрістен әдеттегіден 3-4 сағатқа ерте келуі мүмкін. Жер сілкінісіне аз қалғанда (әдетте бірнеше минут бұрын) ашық қорадан кетіп қалуға тырысады, табында әдеттен тыс үзгекті мөңіреп жүгіреді, ауладан көшеге шығып кетіп, сауғызбай, ашық қорада ары-бері жүгіреді.

Жылқылар жер сілкінісіне 2-4 сағат қалғанда қатты мазасызданып, ашық қора немесе ат қораға кірмей, кетіп қалуға тырысады, жайылымнан ерте қайтып келулері мүмкін, тамақтанудан бас тартады.

Ешкілер мен қойлар жер сілкінісінен 10-12 сағат бұрын жем, шөптен бас тартады. Жер сілкінісіне бірнеше минут қалғанда ашық қораның ішінде ары бері жүгіріп, шығып кетуге тырысады.

Шошқалар жер сілкінісінен 10-15 минут бұрын шошқа қорадан қашып шығып, қораның жанында топ болып жиналып тұрады. Шошқа қорадан қашып шыға алмаған жағдайда, оның ішінен шығуға ұмтылып жүгіріп жүреді, біріне өте басқыншыл болып келеді.

Иттер жер сілкінісіне 6-7 тәулік қалғанда түнімен ұлып, тамақ ішпей қояды. Жер сілкінісінен 6-7 сағат бұрын, иттер күндіз де ұлиды, қыңқылдап, адамнан қорғаныс іздейді. Тура жер сілкінісінің басында

иттер шынжырдан үзіліп кетуге тырысады, үйден қашып шығып, себепсіз қатты үруі мүмкін. Иттерде осы сипатталған мінез-құлықтардың түрлерінің барлығы бірге қиылыса келеді немесе олардың кейбіреулерінде ғана байқалады, бірақ көбірек кездесетіндері келесі әрекеттер: түнде ұлу, үйден кетіп қалу, шынжырдан үзіліп кетуге тырысу.

Мысықтар жер сілкінісінен 12 сағат бұрын үйден кетіп қалулары мүмкін. Жер сілкінісіне бірнеше минут қалғанда үйге кіруден бас тартып, мәулендерін қауіпсіз жерлерге тасиды, әр түрлі биік жерлерге, бағаналарға, ағаштарға шығады да алаңдап мияулай бастайды.

Үй қояндары жер сілкінісіне аз уақыт қалғанда тор ұяның ішінде ары-бері жүгіріп, түрлі заттарға бастарымен соғылады. Күшті жер сілкінісіне бірнеше апта қалғанда, тор қоршауында іннен қосымша шығу қазғылайды.

Тышқандар мен егеуқұйрықтар жер асты итермелістеріне сезімтал болып келеді. Жер сілкінісін бастарынан кешкендер байқағандай, бұл кеміргіштер- түнгі жануарлар-індерінен күндіз ашық жерлерге шығып алып, тез жүгіріп, шулап, бір- бірлерімен төбелесіп, топтарға жиналады да, ешкімге көңіл аудармай, тұрғын жерлермен кезеді.

Суырлар жер сілкінісінен 2-3 сағат бұрын өздерінің індерінен кетіп қалады.

Бұл жерде Македонияның Скопл қаласындағы хайуанаттар бағының күзетшісінің әңгімесін еске түсірмеске, ол 1963 жылы қаланы қиратқан қатты жер сілкінісінің қарсаңында тура сол түні, өзінің камқорлығындағы хайуанаттардың әдеттен тыс «концертін» естіген.

Ұқсас мағлұматтар жинаған ғалымдарды, осы құбылыстардың ғажайып ұқсастығы таң қалдырды. Осындай ақпараттарды мұқият іздеудің арқасында бүгінгі күнге, өздерін келе жатқан бақытсыздықтың хабаршысы ретінде ұсынған хайуанаттардың жетпіске жуық түрін анықтады.

Алматыдағы биополигон аумағында мекендейтін жайран, 1986 жылдың күзгі бір күні, аяқ асты өзінің ініне ұйқысын қандыруға бармай, жемшөптен де бас тартты. Ол әдеттен тыс тынымсызданды. Бірнеше сағаттан кейін, бұл жерден 30 км алыстықта, эпицентрде үш балға жуық күшпен жер сілкінісі болды. Бірақ 1987 жылы сол жайран, құралдармен белгіленген одан күштірек жер сілкінісіне ешқандай серпіліс бермеді.

Құстар
Тауықтар жер сілкінісінің алдында тәулік бұрын жемшөптен бас тартуы мүмкін, жер сілкінісіне аз қалғанда топқа жиналып, қатты шулап, тауық қораға кіруден бас тартады, естері шығып аулада жүгіріп, әдеттен тыс жерлерде қонақтайды.

Кептерлер тәулік немесе одан аз қалғанда өздерінің ұяларынан кетіп, жер сілкінісіне 2 сағат қалғанда балапандарын ұядан тастаулары мүмкін, кептерлер оларды әрі қарай тамақтандырады.

Қараторғайлар жер сілкінісіне бірнеше сағат қалғанда өздерінің күнделікті мекендейтін жерлерінен кетіп қалады немесе қауіпті жерлерде орналасқан ұялардан өздерінің балапандарын алып кетеді.

Қарлығаштар, қырғауылдар, қарғалар, шағалалар, көкқарғалар жер сілкінісінен тәулік бұрын мазасыз айқайлап, мекендейтін жерлерін тастап, ұшып кетеді.

Толқынды кішкентай тоты құсы жер сілкінісінен бірнеше сағат бұрын тор ұяда қатты шу көтереді немесе әңгі-тәңгі болып қалады.

Құрт-құмырсқалар
Құмырсқалар илеуін тастап, жаппай барлығы көшеді. Жер сілкінісінен тәулік бұрын қалыптан тыс жерлерде пайда болады (мәселен, үйде, үлкен топ еденнен жоғары вертикальді сызықша түрінде қабырғада орналасады).

Өрмекші, бүйілер, шыбындар жылдың суық мезгілдерінде оянып, пайда болады, олардың жаппай көшулері, жер сілкінісіне бірнеше минут немесе бірнеше сағат қалғанда олардың «басқыншылықтары» байқалған.

Аралар жер сілкінісінің алдында жұмыс істемей, ұяларында отырып алады. Жер сілкінісіне 30-60 минут қалғанда, қысқы ұяға кіргізілген аралар, ұяларынан ұшып шығып, бір үлкен үйірге жиналады.

Бауырмен жорғалаушылар
Жыландар жер сілкінісінің алдында 1-1,5 ай бұрын оянып алып, күзде немесе қыста қарға жылжып шығып, сол жерде өледі. Жазда жыландардың жаппай таулы аумақтардан жазық жерлерге көшкендері байқалған. Оларды әдетте мекендейтін жерлерде де, оларға тән емес жерлерден де кездестіруге болады. Жыландар жоғары қозғалу белсенділігін көрсетіп, ол жерден 12-14 сағат бұрын шығуға тырысады.



уылының хабаршылары болып табылады. 1932 жылғы күшті жер сілкінісінің қарсаңында Хансю аралының оңтүстік-шығысында жағада үлкен тереңдікте мекендейтін жапон жыланбалықтарының ірі топтары пайда болды. Бұл құбылысты белгілі ихтиолог Ясуо Суэхиро байқаған. Бір жылдан кейін бақылаудың нәтижесінде жағалаудың жаңында жыланбалықтардың көп жиналғандары байқалды. Көп ұзамай жер асты итерілістерінің нәтижесінде Жапония Тынық мұхитының жағалауында мыңдаған адамдар қаза тапты. Ғалым Суохиро көп қосымша деректер жинады. Ол өзінің болжамын «Балықтар мен жер сілкіністері» кітабында баяндады.

1963 жылының 11 қарашасында, балықшылар теңіздің бетінен ұстап алған, терең суда жүзетін балықты көрсетті. «Жер сілкінісін күтіндер» - деді Суэхиро. Екі күннен кейін шынымен жер қыртысының тербелістері болды. Болжам дұрыс болып шықты. Балықтардың мінез-құлықтарын әрі қарай зерттеу, жер сілкінісі жақындағанын тек терең суда жүретін балықтар ғана емес, тоғанда өсірілетін балықтар да сезетінін көрсетті. Жер сілкінісінен екі күн бұрын, олар мазасыздана бастайды, судың бетіне шығып, суды қатты шалпылдатып шашады. Жағаға лақтырылып шығатын жағдайлар да болады. Аква-риум балықтары (алтын балықтар, кішкене жайындар мен мәрмәр гурамдарының әр түрлі түрлері) жер сілкінісіне



Кесірткелер ұзақ ұйқыдан оянады, оларды жер сілкінісіне 3-4 тәулік қалғанда қарда қатып қалған күйінде тауып алуға болады. Бауырмен жорғалаушыларды жер сілкінісіне 2-3 ай қалғанда жердің бетінде пайда болған жағдайлар белгіленген.

Суда жүзетін тасбақа жылдам құрғаққа шығады, құрғақта жүретіндер жемірлік көрсетеді. Бұндай мінез-құлықты жер сілкінісіне 10 күн және 20 минуттан 4 сағатқа дейін қалғанда бақылауға болады.

Балықтар
Балықтар жер асты да-

бірнеше минут қалғанда аквариумның түбіне бір шүйкеге жиналып, ал кейде себепсіз аквариумның ішінде тынымсыз ары бері жүзеді. Әлі күнге дейін ғалымдар балықтарда келер тербелістер туралы ескертетін «құрал» таппады, бірақ ол торсылдақ деп ұйғарады. Оның қабырғалары, адам естімейтін инфрадыбысты толқындарды резонанстауға қабілетті екені белгіленді. Сонымен, келтірілген мысалдар (бірақ, өкінішке орай зерттелетін физикалық және басқа да құбылыстардың барлық тізімін қамтымайды) жер сілкінісінің хабаршылары бар және де соларды зерттеу бойынша күрделі жұмыстар жүргізіліп жатқанын куәлік етеді. Барлық хабаршылардың статистикалық талдауы ғалымдарға оларды үш сыныпқа бөлуге мүмкіндік берді:

1. Ұзақ мерзімді (жылдар) - геомагнитты өрістің өзгеруі, сейсмикалық толқындардың тарау сипаттамасы, жер асты сулары мен газдарда радон болуы, электр кедергісі, жер асты суының деңгейі, жер асты суларының көздерінің дебиті.

2. Орта мерзімді (айлар) - жер асты суларының деңгейі мен дебиті, жер итерілістері, сейсмикалық тәртіп, ұзын және көлденең толқындар жылдамдықтарының қатынасы.

3. Қысқа мерзімді (күндер мен сағаттар) - жер асты суларының деңгейі, жер асты сулары мен газдарда радонның болуы, атмосфералық электр қуаты, тау жыныстарының электр кедергісі, электромагнитті сәуленің шашырауы,

жануарлардың әдеттен тыс мінез-құлықтары.

Бір қарағанда, жер сілкінісін болжау тауқыметі өзінің шешілуіне жақын қалғандай болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл олай емес. Хабаршылардың болуы әлі жеткіліксіз. Әлі техногенді, ғылыми сипатты шарттардың бірқатарын орындау қажет.

Қытай сейсмологтары жер сілкіністің ең тура болжамын жасаған. 1975 жылы олар хабаршыларды мұқият сейсмикалық бақылаудың нәтижесінде, Хайчен ауданы - 100 мың адам тұратын қалада күшті жер сілкінісі (магнитудасы 7,3) болатынын болжады. Адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар уақытында қолданылды.

Сейсмикалық қауіптілік туралы хабар тарағаннан кейін 6 сағаттан кейін, 4 ақпанда болған бақытсыз оқиға нәтижесінде, жер сілкінісімен жүздеген үйлер, мекемелер, зауыттар қирады. Адамдар арасында құрбандар саны аз болды, өйткені тұрғындар қауіпсіз жерлерге көшірілген болатын.

Өкінішке орай, жер сілкінісіне хабаршылар ылғи ізашар болмайды.

Оның артынан 1976 жылы 143 адамның өмірін алып кеткен, Хэбэй провинциясында қайталанған күшті жер сілкінісі қытай сейсмологтарына күтпеген жай болды.

Жануарларды қалай бақылау керек

Жер сілкінісінің алдында үй жануарлары да, жабайы табиғатта жүргендері де қалыптан тыс мінез-құлық көрсетуі мүмкін.

Итерілістер басталуына аз қалғанда әдеттен тыс мінез-құлықтарды қоршаудағы немесе табиғи жағдайға жақындалған жағдайдағы хайуанаттардан - олар тордағы құстар, аквариумдағы балықтар, тор қоршауындағы хайуанаттардан байқауға болады. Сондықтан үй-жайда, фермада, хайуанаттар бағында, қоршауда (тор, аквариум, террариум, тор қоршауындағы), ашық жерлер мен еркін табиғи жағдайда хайуандарды бағып күту жағдайларын белгілеу қажет.

Жануарлардың әдеттен тыс мінез-құлықтары неден құрлатынын белгілеу қажет:

- әдеттен тыс уақытта әдеттен тыс жерлерде пайда болулары;

- жаппай көшулері;
- жануарлардың өздерінің мекендейтін жерлерден жок кетулері;

- маза кету белгілері мен аса белсенділіктері;

- қозғалу белсенділігінің төмендеуі, мелшиюлері;

- жем-шөптен бас тарту;

- қауіпсіздікке деген парықсыздықтары (хайуандар адамдардан қорықпай, оңай ұстаға береді);

- зерттеушілік мінез-құлықтарының белсенділігі (қарқынды иіскелеу мен қазғылау);

- дыбыс белсенділігінің жоғарлауы (айғай, іздеу, шырылдау, ұлу, ысылдау, мөңіреу, кісінеу);

- көрінетін себепсіз қорқу реакциясы;

- жиі су ішу, зәр шығару, дефекация;

- басқыншылықтың күше-

юі, әсіресе өз түрінің жекшелеріне;

- ұзақ ұйқыдан ерте ояну;

- індерін тастап, ашық кеңістікке орындарын ауыстыру;

- тәуліктің әдеттен тыс уақытында ұзақ уақытқа дейін өз індерінде болмау;

- тор, аквариум, қоршауды тастап кетуге тырысу.

Сіздердің көршілеріңіз, таныстарыңыз, қызметтестеріңіз жануарлардың қалыптан тыс мінез-құлықтарын байқағандарын белгілеу мүдделі.

Жануарлардың мінез-құлықтарының айтылып өткен белгілерінің кейбіреулері биологиялық себептермен, яғни көбею кезеңі, қоректенуге жайлы жерлерді іздеу, ауру (әлсіздік, зауық болмау мен мазасыздық) немесе ауа-райының өзгеруімен байланысты болуы мүмкін екенін есте сақтау керек.

Жануарлардың әдеттен тыс мінез-құлықтары туралы қайда хабарлау керек

Жер сілкінісінің алдында әдеттен тыс мінез-құлық көрсетулері мүмкін жануарлардың негізгі түрлерімен таныс болдыңыздар. Жақындаған апатты сезетін жануарлардың саны көбірек болуы мүмкін. Сондықтан, егер сіз жануарлардың мінез-құлқында қалыптан тыс нәрсе көрсеңіз, онда ол туралы бөлімге, ТЖ бойынша басқармаға хабарлаңыз. Бақылаған жерді (қала, село, аудан), пошта мекенжайын немесе телефонын, бақылаған уақыттың (жылын, күнін, айын, уақыты, бақылаған адамның аты-жөнін және немен айналысатынын) жазу керек.

Ұйым басшыларының назарына!

Түрлі-түсті плакаттар жиынтығы: «Газқазғарларды беру орындары»



Құрастырушы:

АҚ ҰО вице-президенті - Б.К.Еңсебаев

Бейнесабақ:

«ҚХО-дағы апат кезінде арнайы өңдеуді жүргізу тәртібі»




Құрастырушы:

АҚ ҰО оқытушысы - М.А.Мархабаев

КӨШКІН ЖӘНЕ СЕЛ ЖҮРУ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР



Жағдайды, жануарлардың мінез-құлқын және жаңбырды бақылаңыз. Көшкінің алғашқы белгілерін жіберіп алмаңыз



Тауларда қалыптасудың басталуынан бастап жазық бөлікке шыққанға дейінгі уақыт - 20-30 минут



Төтенше жағдай туралы ақпарат алғаннан кейін дереу селдің таралу аймағынан шығыңыз



Адамдарды, жануарларды және материалдық құндылықтарды тез эвакуациялаңыз



Көшкін кезінде ғимараттарға кірмеңіз, ғимараттарға жақындамаңыз, топырақтың жылжу аймағынан алыс болыңыз



Биік жерлерге барыңыз. Сел ағынында болған кезде, барлық қол жетімді құралдармен көмектесіңіз, оны жиекке біртіндеп жақындата отырып, массаның қозғалыс бағыты бойынша шығарыңыз